

Пайдаланылған кемелердің элементтерін пайдалана отырып, ішкі және аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді жасау қағидасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2011 жылғы 30 мамырдағы № 326 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 27 маусымда № 7041 тіркелді

«Ішкі су көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңының 9-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Пайдаланылған кемелердің элементтерін пайдалана отырып, ішкі және аралас «өзен-теңіз» суларында жүзетін кемелерді жасау қағидасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көлік және қатынас жолдары комитеті (Н.И. Қилыбай) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу үшін ұсынуды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация вице-министрі Е.С. Дүйсенбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы

А. Бектұров

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

К ө л і к ж әне

к о м м у н и к а ц и я

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 1

ж ыл ғы

3 0

м а м ы р д а ғы

№

3 2 6

б ұ й р ы ғы м е н

бекітілген

Пайдаланылған кемелердің элементтерін пайдалана отырып, ішкі және аралас «өзен-теңіз» суларында жүзетін кемелерді жасау қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Пайдаланылған кемелердің элементтерін қолдана отырып, ішкі және «өзен-теңіз» суларында жүзетін кемелерді жасау қағидасы (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасының «Ішкі су көлігі туралы» заңына сәйкес әзірленген және

пайдаланылған кемелердің элементтерін қолдана отырып, ішкі және «өзен-теңіз» суларында жүзетін кемелерді (бұдан әрі - кеме) жасау және жобалау, сәйкестікті растау, элементтердің беріктік есептері және кемені сынау мәселелерін регламенттейді.

2. Кемелерді жасау Кеме қатынасының тіркелімімен келісілген жоба бойынша жүзеге асырылады.

3. Пайдаланылған кемелердің элементтерін қолдана отырып, жасалуы жоспарланған кемені пайдаланудың есептік мерзімі пайдаланылған конструкциялардың, техникалық құралдар мен жабдықтардың Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасына сәйкестігін растау рәсімінің нәтижелеріне сәйкес келуіне байланысты болады.

4. Кемені пайдаланудың есептік мерзімі оны жобалауға арналған техникалық тапсырмада көрсетіледі.

5. Қағидада пайдаланудың шектеулі есептік мерзімі 15 жыл (3 сыныптау мерзімі) және 20 жылға (4 сыныптау мерзімі) пайдалануға қатысты талаптарды қамтиды:

1) 3 сыныптау мерзімін пайдалану мерзімі сыныптамалық куәландырулардың арасындағы, бастапқыны қоса алғанда, үш кезеңіне тең, яғни 15 жылға;

2) 4 сыныптау мерзімін пайдалану мерзімі сыныптамалық куәландырулардың арасындағы, бастапқыны қоса алғанда, төрт кезеңіне тең, яғни 20 жылға.

6. Жоғарыда көрсетілген пайдалану мерзімдерімен салыстырғанда кемелерді жасау Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарауындағы нәрсе болып табылады.

7. Жаңа кемені жасаған кезде қолдануға жоспарланған пайдаланылған кеме конструкциялары, техникалық құралдар мен жабдықтар ақаулықтан, жөндеуден немесе қайта қалпына келтіруден (қажет болған кезде) және Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасына сәйкестігін растау рәсімдерінен өтеді.

8. Кемелерді жасау жөніндегі іс-шаралар кешені мынадай кезеңдерден тұрады:

1) кеме иелерінің пайдаланылған кемелердің элементтерін қолдана отырып, кемені жасау туралы өтінімді осы Қағиданың 1-қосымшасында келтірілген нысанда Кеме қатынасының тіркеліміне жіберуі;

2) Кеме қатынасы тіркелімінің қоса берілген құжаттарымен бірге өтінімді қарауы және бір ай мерзімде осы өтінімге сәйкес кеменің жасалу мүмкіндігі туралы жазбаша қорытынды дайындауы;

3) егер Кеме қатынасының тіркелімі өтінімге қосымшаларда ұсынылған материалдарды толық жеткілікті емес деп тапса, пайдаланылған кеме конструкцияларын, техникалық құралдарды және жабдықтарды қосымша ақаулықтан өткізу;

4) осы Қағиданың 2, 3, және 5-тарауларында жазылған нұсқауларды ескере отырып, кеменің жобасын Кеме қатынасы тіркелімімен әзірлеу және келісу;

5) Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық бақылауымен жобада ұсынылған жұмыстарды орындау;

б) кемеге Кеме қатынасы тіркелімінің құжаттарын ресімдеу және беру.

9. Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық бақылауымен кеме жасалғаннан және қабылдау-тапсыру сынақтары аяқталғаннан кейін кемеге тіркелім нөмірі және Кеме қатынасы тіркелімінің құжаттары беріледі.

10. Осы Қағидада мынадай ұғымдар қолданылады:

1) ақаулық – ақауларды анықтау (тозуды, тоттануды, геометриялық нысанның бұрмалануын, сызбада берілгеннен өлшемдердің ауытқуы, нормативтік құжаттарда көзделгендермен салыстырғанда материалдардың қасиеттерінің өзгеруі) және пайдаланылған кеме конструкцияларының, техникалық құралдары мен жабдықтарының жаңа кемелер жасаған кезде пайдалануға жарамдылығы туралы мәселені шешу үшін жөндеудің қажеттігі мен санатын анықтау және/немесе ақпарат алу мақсатында олардың параметрлерін өлшеу;

2) кемең қызмет ету (пайдалану) мерзімі - кемең қолдану басталғаннан шекті жай-күйге жеткенге дейін пайдаланудың күнтізбелік ұзақтығы;

3) кемең есептік қызмет ету (пайдалану) мерзімі – кемең корпусын жобалау кезінде есептеулердің көмегімен анықталатын қызмет ету мерзімі;

4) корпус – Кеме қатынасы тіркелімінің актілерін ресімдеу кезінде топқа біріктірілген кеме конструкциялары. Корпустың құрамында: жиынтық, сыртқы қаптама, аралықтар, палубалар, қондырманың құрылымдық элементтері, екінші түп, саңылаулардың жабылуы, іске қажет заттар, өрттен қорғанудың құрылымдық элементтері, палубалардың қоршауы және тағы соған ұқсастар қамтылған;

5) қалпына келтіру – кеме конструкцияларын, техникалық құралдарды және жабдықтарды нормативтік техникалық құжаттаманың талаптарына және Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасына сәйкес келетін техникалық жай-күйге немесе жиынтық деңгейіне келтіру;

б) механизмдер – Кеме қатынасы тіркелімінің актілерін ресімдеу кезінде бөлек топқа біріктірілген объектілер. Механизмдердің құрамында болуы тиіс: басты және көмекші қозғалтқыштар, редукторлар, реверсивті-редукторлы берілістер, ажыратқыш және басқа муфталар, білік өткізгіштер, сығымдағыштар, сорғылар, желдеткіштер, сепараторлар, палубалық механизмдер. Сондай-ақ, осы Қағидада механизмдерге қазандар мен қозғағыштар жатқызылған;

7) навигациялық жабдық – навигациялық міндеттерді шешуге арналған техникалық құралдар;

8) радиожабдық – байланысты жүзеге асыруға арналған техникалық құралдар;

9) сәйкестікті растау – Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасына сәйкестігін және қарастырылған конструкцияның немесе бұйымның одан әрі қолдану мүмкіндігін анықтау және Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасына сәйкестігін растау туралы куәлікті беру мақсатында пайдаланылған кеме құрылымдарының, техникалық құралдардың және жабдықтардың ақаулықтан және/немесе жөндеуден кейінгі

техникалық жай-күйін анықтау рәсімі;

10) электр жабдығы – кемелік электр энергиясының көзі, электр таратушы құрылғылар, кабельдік желі, трансформаторлар мен өзгерткіштер, электр қозғалтқыштар, электр тізбегін басқару аппаратурасы, авариялық-алдын алу қорғаныс және сигнал беру.

11. Осы Қағидада мынадай қысқартулар қолданылды:

1) СМ - сыныптау мерзімі: сыныптамалық куәландыру арасындағы кемені пайдаланудың күнтізбелік ұзақтығы;

2) НТҚ – нормативтік-техникалық құжат;

3) жөндеуге арналған НТҚ – жөндеуге арналған нормативтік-техникалық құжат (күрделі жөндеуге арналған техникалық шарттар, жөндеуге арналған техникалық шарттар, технологиялық нұсқау, технологиялық процесс);

4) ТШ – техникалық шарттар.

2. Пайдаланылған кемелердің элементтерін қолдана отырып, кемелерді жасау және жобалау

12. Пайдаланылған кемелердің элементтерін қолдана отырып, кемелерді жасауға техникалық бақылау жүргізген кезде Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасын басшылыққа алу қажет.

13. Пайдаланылған кемелерге бұрын қолданылған материалдар мен элементтерді қолданған кезде Кеме қатынасының тіркелімі әрбір қолданылатын материал мен элементтің техникалық қауіпсіздігіне көз жеткізуі тиіс.

14. Кеме жобасын әзірлеу алдында Кеме қатынасы тіркелімінің жобалау жұмыстарын орындауға мүмкіндігі барын Тану туралы куәлігі бар ұйым орындаған жоба алдындағы пысықтау жасалады. Жоба алдындағы пысықтаудың нәтижесінде жасалған техникалық құжаттама пайдаланылған кемелердің элементтерін қолдана отырып, кеме жасау ниеті туралы өтінім құрамында Кеме қатынасы тіркеліміне қарауға беріледі (осы Қағиданың 6-тармағы және 1-қосымшасына сәйкес).

15. Жоба алдындағы пысықтау кеме жасаудың мүмкін болатын шешімдерін негіздеуді көздейді және құрамына мыналар кіретін техникалық құжаттаманы дайындауды болжайды:

1) мидель-шпангоуттың, конструктивтік сызбаның және болашақ кеменің жалпы түрінің нобайлары. Осы нобайларда тиісті шартты белгілермен корпустың жаңа конструктивтік элементтері және конструкцияның әрбір элементінің ақаулығы нәтижесінің және олардың Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасына сәйкестігін растау негізінде пайдалануы болжанатын пайдаланылған кеменің корпус бөліктері анық белгіленеді;

2) барлық жаңа элементтердің тізбесін, соның ішінде жаңа кемені жасау кезінде

қолданылатын кеменің техникалық құралдарын, сондай-ақ, ақаулық және міндетті жөндеу (қалпына келтіру) жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ кейбір жағдайларда – сынақтар жүргізудің нәтижелері бойынша, Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарына сәйкестігі расталған кезде осы кемені жасау үшін қолдану кезінде жарамды деп танылған, пайдаланылған элементтердің тізбесін қамтитын жоба алдындағы пысықтауға түсіндірме жазба. Қажет болған жағдайда пайдаланылған элементтердің тізбесі оларды қолдану шарттарының түсіндірмесімен толықтырылады.

16. Кеменің жобасы қолданыстағы Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасына сәйкес әзірленеді.

17. Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарынан ауытқулар Кеме қатынасы тіркелімінің келісуіне ұсынылатын жоба құрамында Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарымен регламенттелетін айрықша шешімдер тізбесі түрінде ресімделеді.

18. Кеменің жобасы бұрын орындалған жоба алдындағы пысықтауды ескере отырып, кеменің негізгі сипаттамаларына, конструкциясына қойылатын талаптарды қамтитын техникалық тапсырмаға сәйкес әзірленеді және Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасымен регламенттелетін көлемде техникалық құжаттаманы және мыналарды қамтиды:

1) пайдаланылған кемелерден алып қолданылған конструкциялардың, техникалық құралдардың және жабдықтардың ведомосі;

2) жаңадан жасалатын корпустық конструкциялар мен жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан міндетті жаңа жиынтық жабдықтың тізбесі;

3) пайдаланылған кемелердің конструкциясын қолданып корпусты қалыптастыру технологиясы (кеме жасаудың принципті технологиясының қосымша бөлімі ретінде болуы мүмкін);

4) пайдаланылған кемелердің конструкцияларын, жабдықты және материалдарды қолдану мүмкіндігі мен шарттарын негіздеу, көрсетілген көлемде бұрын жасалған жөндеулерді талдау (түсіндірме жазба);

5) пайдаланылған кемелердің жоба құжаттамасында көрсетілмеген, бірақ олардың жасалуы кезінде орын алуы мүмкін болатын конструктивті және технологиялық кателердің талдауы (түсіндірме жазба);

6) корпус конструкциясының пайдаланылатын жаңа емес элементінің кеменің шектес конструкцияларымен үйлесімдігін талдау;

7) кеме корпусының техникалық жағдайын анықтауға қажетті негізгі байланыс топтарының орташа қалдық қалыңдығының жеке нормативтерін есептеу;

8) жаңа конструкциялар мен пайдаланылған конструкциялар арасындағы монтажды дәнекерленген жіктерге бақылау мен технология, пайдаланылған конструкцияларда бұрыннан бар дәнекерленген жіктерге қосымша бақылау, алдын ала тексерулер мен сынаулар көлемі, қажет болғанда пайдаланылған кемелерден алынып орнатылған бұйымдар мен жабдықтарды жөндеу мәселелері пысықталады.

19. Бірдей пайдалану шектігі мен жүктеу шарты бар (балласттау) кемелер үшін жасалған жобаны әзірлеу, онда нақты кеме үшін жобалаушы жаңа және пайдаланылған элементтердің номенклатурасын ескере отырып, топтамалы жобаның байлауын осы к е м е г е о р ы н д а й д ы .

20. Корпусты жобалау жасалатын кемеңің есепті пайдалану мерзімі бойынша шектеу Кеме қатынасы тіркелімінде талап етілетін табақ конструкциялардың ең аз қалыңдығын және талап етілетін жинақ белдемдерінің ең аз кедергі сәтін азайтуға мүмкіндік беретінін ескере отырып, жүзеге асырылады.

21. Кеме корпусын жобалау кезінде мынадай талаптар ескеріледі:

1) пайдаланылған кемелердің, кемеңің жалпы иілуінде ең көп жүктелген, корпустық конструкцияларын, сондай-ақ, жүк таситын комингстерді, ширстректі және палубалық стрингердің орта бөлігін, тронколық палубаны, сыртқы (түптік) қаптаманы және жақтық белдеудің орта бөлігін қолдануға рұқсат етілмейді.

2) пайдаланылған корпустық конструкцияны қолдануға, ең алдымен, кемеңің жалпы беріктігін қамтамасыз етуге қатыспайтын жинақ бірлікті қалыптастырғанда рұқсат етіледі (алдыңғы және артқы перпендикулярлардан 0,15L ұзындықта орналасқан көлемдік және жазықтық бөліктер, сондай-ақ құрастырма немесе оның бөліктері);

3) пайдаланылған кемелердің корпустық жинақ бірліктерінің жаңа кемеңің жалпы беріктігін қамтамасыз етуге қатысатын, осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілгеннен басқа, конструкцияларда қолданылуы Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарауындағы нәрсе болып табылады.

Бұл жағдайда кеме конструкциясының пайдаланылған және жаңа элементтерінің сенімді үйлесімділігін қамтамасыз ету бойынша жобалық шешімдер ұсынылады.

3. Жаңа кемеңің жасау кезінде қолданылатын пайдаланылған кемелер элементтерінің сәйкестігін растау

22. Жаңа кемеңің жасау кезінде қолданылатын пайдаланылған кемелердің корпустық конструкциялары элементтерінің белгіленген есепті пайдалану мерзіміне Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасына Сәйкестігін растау туралы куәлігі болуы қажет.

23. Куәлікті Кеме қатынасы тіркелімімен әрбір пайдаланылатын элементке беріледі.

24. Корпус элементіне Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасына Сәйкестігін растау т у р а л ы к у ә л і к б е р у ү ш і н :

1) пайдаланылған жаңа емес корпустық конструкция элементі материалының механикалық сипаты мен химикалық құрамының Кеме қатынасының тіркелімі Қағидасында кеме жасайтын болаттарға қойылатын талаптарға сәйкестігі;

2) пайдаланылған жаңа емес құрылым элементінің кемеңің болжамды есепті пайдалану мерзімін және оның жарамды техникалық күйін ескере отырып, Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарына сәйкестігі негіз болып табылады, яғни, егер кемеңің

барлық элементтері Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасын қанағаттандыратын болса, ал анықталған ақаулар рұқсат етілген мәндер шегінде болғанда негіз болып табылады.

25. Корпустық конструкция бұрын қолданылған элементтері Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасына сәйкестігін растау алдында олардың ақаулығы, қажет болғанда, қайта қалпына келтірілуі жүргізіледі.

26. Ақаулық кеме иесі пайдаланылған корпустық конструкцияларды кеме жасауға қолдануға өтініш беруден 1 жыл бұрын жасалады. Ақаулық актілері жоба алдындағы пысықтауға түсіндірме жазбада келтірілген техникалық тапсырмаға немесе пайдаланылған элементтердің тізбесіне қоса беріледі.

27. Ақаулық көлемі пайдаланылған кемең техникалық жай-күйіне байланысты, бірақ кезекті куәландыру алдындағы ақаулықтың ұйғарынды көлемінен кем емес б о л ы п б е л г і л е н г е н .

28. Ақаулықты өткізгенде корпус конструкциясының пайдаланылған элементінің кемең іргелес жаңа конструкцияларымен үйлесімдігін анықтау мақсатымен нақты геометриялық көлемдері мен тұтас алғанда элемент топологиясының (қалып), сондай-ақ конструкциялар мен жинақ байланыстары орналасуының пайдаланылған және жобалаудағы кемелердің конструкциялық сызбаларына сәйкестігі анықталады. Ақаулық алдын ала тоттан, кірден және қақтан тазартылған конструкция элементіне қатысты Кеме қатынасының тіркелімі мақұлдаған кез келген тәсілмен орындалады.

29. Пайдаланылатын элемент материалының механикалық сипаты мен химикалық құрамын анықтау Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасына сәйкес осы конструкция элементінен алынған үлгілерде орындалады.

30. Корпустық конструкция элементінің ақаулығын өткізгенде осы элементтің Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасына сәйкестігін растау туралы мәселені шешу кезінде оларды ескеру мақсатында қаптаманың қалдық қалыңдығының нақты мәні және пайдаланылатын элемент жинағы анықталады.

31. Қолдануға болжанатын пайдаланылған кемелердің барлық механизмдері, электр және басқа да жабдықтары пайдалану жағдайында немесе арнайы стендтерде бұйым параметрлерінің құжаттағы немесе жеткізуге ТШ-да және Қағидада белгіленген өлшемдерге сәйкестігін анықтау мақсатымен Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерлерінің қатысуымен сыналады. Сынақ нәтижелері кеме иесінің актісінде көрсетіледі. Сыналған бұйымдарды дереу қолдану болжанбаған жағдайда, оларды консервациялауға және жауапты сақтауға жіберу қажет. Осындай бұйымдарды сақтау мерзімі техникалық құжаттамада ұқсас мақсаттағы жаңа бұйымдарға белгіленген с а қ т а у м е р з і м і н е н а с п а й д ы .

32. Осы Қағиданың 31-тармағына сай сынақтар нәтижесінде пайдалану қорытындысы бойынша бұйымның параметрлері эзірлеуші ұйым белгілеген шектен аспайтыны, жұмыс сұйықтығының ағып кетуі, тоттану, эрозия іздері, қалыпсыз тарсыл, қызып кетуі, діріл және басқа да анық ақаулар айқындалмағанда бұйымның қалдық

қоры бағаланады (мүмкін болса), содан кейін кеме иесі қоса берілетін құжаттамаларын жинақтайды (техникалық паспорт, қызмет ету, жөндеу және пайдалану бойынша н ұ с қ а у) .

33. Дайындалған құжаттар мен сынақтар актілерін кеме иесі Кеме қатынасы тіркеліміне жібереді, олар Сәйкестікті растау туралы куәлік берудің негіздемесі болып т а б ы л а д ы .

34. Осы Қағидаға 31-тармаққа сай сынақтар нәтижесінде пайдалану қорытындысы бұйымның параметрлері әзірлеуші ұйым белгілеген шектен асып кетуі, жұмыстық сұйықтың ағып кетуі, тоттану, эрозия іздері, қалыпсыз тарсыл, қызып кетуі, діріл және басқа анық ақаулар айқындағанда, бірақ қор күрделі жөндеуге дейін жұмсалмаса, тозуын және басқа зақымдарын, ақаулардың болуын, қалдық кернеуді анықтау мақсатымен бұйым Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерлерінің қатысуымен бөлшектенуге жатады, бұйымның түйіндері мен бөлшектері ақауланады, соның ішінде ультрадыбыстық, ұнтақты дефектоскопия және басқа да әдістермен.

35. Ақаулық қорытындысы бойынша бұйым немесе оның бөлшектері, түйіндері жөндеуге жіберілгені немесе белгілі бір бөлшектерді немесе түйіндерді ауыстыру қажеттігі көрсетілетін акті жасалады.

36. Бөлшектерді (түйіндерді) жөндегеннен (ауыстырғаннан) кейін және күрделі жөндеуге жіберілмеген бұйымды жинақтаудан кейін Кеме қатынасы тіркелімінің өңірлік қызметкерлерінің қатысуымен оның сынағы Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген бағдарлама бойынша, сынақ нәтижесінде алынған жұмыс параметрлерінің жеткізу ТШ-та немесе осы бұйымдардың техникалық құжаттарында көрсетілгеніне сәйкестігін анықтау мақсатымен, өткізіледі. Егер сынақ нәтижесінде алынған жөнделген бұйымның жұмыс параметрлері техникалық құжаттаманың талаптарын қанағаттандырса немесе осы параметрлердің мәні жобалаушы белгілеген нормалардан аспаса және осы бұйымның анық ақаулары болмағанда, қалған қорды бағалау өткізіледі (мүмкін болса), содан кейін бұйымның Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасына с ә й к е с т і г і т е к с е р і л е д і .

37. Пайдаланылған кемеің техникалық құралы мен жабдығы Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасына сәйкестігі расталғаннан кейін жобалаушы кеме иесінің ұсынуы бойынша 4СМ, 3СМ пайдалану мерзіміне есептелген жаңа кемелерді жасауға қолдануға болатын, пайдаланылған кемелердің техникалық құралы мен жабдығының ведомосі жасалады. Әрбір пайдалану мерзіміне бөлек ведомосі жасалады.

38. Кеме қатынасының тіркелімі жүзеге асыратын техникалық бақылау объектілерінің номенклатурасына кірген және осы тараудың талаптары белгілеген көлемде сәйкестігін растау рәсімінен өткен бұйымдарға Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасына сәйкестігін растау туралы Кеме қатынасы тіркелімінің куәлігі беріледі.

39. Аталмыш номенклатураға кірмеген, бірақ осы тарау талаптары белгілеген көлемде сәйкестігін растау рәсімінен өткен бұйымдарға кеме иесі техникалық

құжаттама мен Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарына сәйкестігін растау туралы куәлігін ресімдейді немесе бұйымға қоса берілетін ілеспе құжаттарға мыналардың негізінде тиісті белгі қойылады:

- 1) кеме иесі комиссиясының шешімі, егер бұйым жөнделмеген болса;
- 2) жөндейтін ұйымның құжаттары, егер бұйым қалпына келтіруден немесе күрделі жөндеуден өтсе.

4. Беріктік есептеулер, құрылыстық қалыңдығын және кеме корпусы байланыстарының басқа да сипаттамаларын анықтау

40. Сыртқы қаптаманың, палуба және екінші түп төсемінің, ішкі борттар аралықтарының, бойлық және көлденең аралықтарының, флорлар мен кильсондардың корпус конструкциясының түпаралық кеңістігіндегі ең аз қажетті құрылыстық қалыңдығы, T кеме пайдаланымының есепті мерзімімен байланысты, мынадай формуламен анықталады:

$$t_{\min} = [t_{\text{қал}}]_{\min} + c(T-5)$$

мұндағы $[t_{\text{қал}}]_{\min}$ – қаралатын конструктивтік элементтің рұқсат етілетін ең аз қалдық қалыңдығы, мм;

c – ұсынылатын есептік тозу жылдамдығы, мм/жыл. c орнына іс-жүзіндегі тозу жылдамдықтарын немесе нақты кеме тобының орта статистикалық тозу жылдамдығын қолдану Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарауындағы нәрсе болып табылады.

Кеме сыныбының формуласында «(мұз)» белгісі болғанда таңдалған қалыңдық мәні үлкейтілуі тиіс. Кеменің барлық ұзындығы бойынша сыртқы қаптаманың мұз белбеуін орнату керек. Мұз белбеудің табақ қалыңдығы t , мм, формулаларда анықталады:

алдыңғы жақтың бөлігінде

$$t_{\text{л}} = 1,25t;$$

ахтерпик бөлігінде

$$t_{\text{л}} = 1,2t;$$

кеменің қалған ұзындығында

$$t_{\text{л}} = 1,15t,$$

мұндағы t – мұз күшейтулерсіз кеме үшін тиісті аудандағы борт қаптамасының талап етілетін қалыңдығы.

41. Жалғанған белбеуі бар жиынтық белдемдерінің 20 жыл (4СМ) есепті пайдалану мерзіміне арналған ең аз қажетті қарсыласу сәті мынадай болады, m^3 :

$$W_{\min}^{\text{стр}} = W_{\text{пр}} \quad (2)$$

ал 15 жыл (3КС) есепті пайдалану мерзіміне

$$W_{\min}^{\text{стр}} = [W] \cdot K \quad (3)$$

мұндағы $[W] = m \cdot W_{\text{пр}}$ – қызмет мерзімінің соңына келетін жол берілетін қалдық қарсыласу сәті, м^3 ;

$W_{\text{пр}}$ – жиынтық белдемнің көлденең қимасының қарсыласу сәті, м^3 ;

m – тозу коэффициентінің мәні 29-тармақта келтірілген;

K – коэффициент, мынаған тең:

ширстрек, екінші түптің төсеніші, түбі, палуба, комингстің бойлау бос белдемдері және рамалық жиынтықтың бойлық белдемдері үшін:
кеменің орта бөлігінде $K=1,50(1,30)$;
кеменің шеткі бөліктерінде $K=1,42(1,21)$;

бос және рамалық аралықтар жиынтығының көлденең жиынтық белдемдері үшін (сыртқы және ішкі борттың бос және рамалық шпангоуттары) және кеменің ұзындығының кез келген басқа бөлігінде:
 $K = 1,80(1,50)$;

қалған жиынтық белдемдері үшін кеме ұзындығының кез келген бөлігінде:
 $K=1,60(1,35)$.

Жақшадағы K коэффициентінің мәндері «М-СП» сыныпты кемелерге қатысты.

42. Коэффициент және тозу m мәні мынадай болып қабылданады:
комингстің бойлық бос белдемдері, палубасы, түбі, екінші түптің төсеніші, ширстрек пен рамалық жиынтықтың бойлық белдемдері үшін $m=0,60(0,70)$;
қалған жиынтық белдемдері үшін $m=0,50(0,60)$.

Жақшадағы m коэффициентінің мәндері «М-СП» сыныпты кемелерге қатысты.

43. Осы Қағиданың 40-41-тармақтарының нұсқауларына сәйкес жобаланған кеме корпусы үшін Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасына сәйкес беріктікті есептеулер орындалады, мұнда шекті сәті бойынша k беріктік қоры коэффициентінің мәні осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес қабылданады.

5. Пайдаланылған кемелерден алынған жекелеген элементтерді және конструктивтік өртке қарсы қорғанысты қолдану

44. Кемені жасаған кезде пайдаланылған кемелердің есіктерін, иллюминаторларын, түсу люктерінің қақпақтарын және траптарын қолданған жағдайда мыналарды ескеру қажет:

1) пайдаланылған кемелердің сыртқы су өткізбейтін есіктері, иллюминаторлары бірінші қабаттың қондырма палубасынан немесе ют палубасынан бастап орнатылуы мүмкін;

2) басты палубадағы үй-жайларға апаратын сыртқы су өткізбейтін есіктердің жаңасы орнатылады. Пайдаланылған кемеден алынған осындай есіктерді қолдану Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарауындағы нәрсе болып табылады;

3) пайдаланылған кемелердің есіктерін ішкі үй-жайлар үшін қолдануға шек қ о й ы л м а й д ы ;

4) пайдаланылған кемелердің еңіс траптарын қолдауға шек қойылмайды;

5) пайдаланылған кемелердің түсу люктерінің қақпақтары және тік траптары, олардың конструкциялары мен техникалық жағдайлары Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасына сәйкес болғанда қолданылады.

45. Кемеге есіктерді, қақпақтарды және иллюминаторларды орнату алдында олардың оқшаулануы мен резеңке нығыздауларын тексереді және қалпына келтіреді немесе толығымен ауыстырады. Орнатылғаннан кейін аталған іске жарамды заттар с ы н а қ т а н ө т к і з і л е д і .

46. Пайдаланылған кемелердің еңіс траптары кемеге орнату алдында оларды жасауға нормативтік құжаттарда көзделген көлемде сынауға жатады.

47. Жасалып жатқан кемелердің конструктивтік өртке қарсы қорғанысы Кеме қатынасы тіркелімнің Қағидасына сәйкес болуы қажет.

48. Жасалып жатқан кемелердің өртке қарсы оқшаулануы жаңадан орнатылады. Алайда жасалып жатқан кемеді пайдаланылған кеме қондырмасының қандай да бір көлемді (модульді) конструкциясын немесе олардың бөліктерін қолданған жағдайда, тиісті негіздеме болған жағдайда Кеме қатынасының тіркелімі, аталған конструкциялардың құрамына кіретін, осы оқшаулаудың талап етілетін қасиеттері сынақ нәтижесімен расталуы шартымен қолда бар оқшаулауды қолдануға рұқсат етеді (жолаушы тасымалдайтын кемелердің басты өрттен қорғану аймақтарында орналасқан конструкцияларға қ а т ы с т ы е м е с).

49. Жаңа кемеді пайдаланылған кемелерден алынған өрттен қорғау қызметін орындайтын өрттен қорғау есіктерін және металл қабырғаларды пайдалануға рұқсат етіледі. Бұл ретте есіктердің жұмыс істеу қабілеті бұрынғы орнатылған жерінде алдын ала тексеріледі.

6. Пайдаланылған кемелердің элементтерін қолданып жасалған кемеңі сынау

50. Кемелерді жобалау мен жасаған кезде бұлардың техникалық жағдайына бірінші кезекте жүзу қауіпсіздігі, жолаушы мен экипаждың денсаулығы мен өмірі, кемелерде тасымалданатын жүктердің сақталуы, кемелер мен объектілердің экология қауіпсіздігі тәуелді болатын, төменде келтірілген механизмдер мен жабдықтар тізбесін есептеу қ а ж е т :

- 1) б а с т ы қ о з ғ а л т қ ы ш т а р ;
- 2) р е в е р с - р е д у к т о р л а р ;
- 3) д и з е л ь - г е н е р а т о р л а р ;
- 4) е с к е к б і л і к т е р ;
- 5) е с к е к б ұ р а н д а л а р ;

6) басты қозғалтқыштардың автоматтандырылған қашықтан басқару (ДАБ) жүйесі;

7) бұрмалайтын құрылғылар;

8) экологиялық жабдық;

9) өрт сөндіру жүйесі;

10) сығылған ауаның компрессоры;

11) құбырлар және арматура;

12) бу қазандары.

51. Барлық аталған объектілер мен бұйымдар жасалып жатқан кемеде жаңадан орнатылады. Осы тізбеге кірген пайдаланылған объектілердің қолданылуы Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарауындағы нәрсе болып табылады.

52. 4КС және 3КС есепті пайдалану мерзімі бар кемелерді жасауға қажетті техникалық құралдар мен жабдықтың қолданылу түрлері осы Қағиданың 3-қосымшасында көрсетілген.

